

Ақсу қалалық мәслихатының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы "2020 - 2022 жылдарға арналған Ақсу қаласының бюджеті туралы" № 378/54 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Павлодар облысы Ақсу қалалық мәслихатының 2020 жылғы 26 маусымдағы № 435/63 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 маусымда № 6851 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабы 4-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Ақсу қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу қалалық мәслихатының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы "2020 - 2022 жылдарға арналған Ақсу қаласының бюджеті туралы" № 378/54 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6674 болып тіркелген, 2019 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген шешімнің 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"1. 2020 - 2022 жылдарға арналған Ақсу қаласының бюджеті 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес бекітілсін, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде:

1) кірістер – 22048456 мың теңге:

салықтық түсімдер – 7596299 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 47368 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 43090 мың теңге;

трансферттер түсімі – 14361699 мың теңге;

2) шығындар – 22095616 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 1408513 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 1441302 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 32789 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – нөлге тең:

қаржы активтерін сатып алу – нөлге тең;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – нөлге тең;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1455673 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1455673 мың теңге.";

2) көрсетілген шешімнің 3-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"3. 2020 жылға арналған Ақсу қаласының бюджетінде қалалық бюджеттен ауылдық округтердің бюджеттеріне жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізуге бөлінген 61692 мың теңге көлемінде ағымдағы нысаналы трансферттердің көлемі ескерілсін.";

3) көрсетілген шешімнің 4-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"4. 2020 жылға арналған Ақсу қаласының бюджетінде ауылдық округтердің бюджеттеріне қалалық бюджеттен бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің көлемі 102124 мың теңге көлемінде ескерілсін.

4-1. 2020 жылға арналған Ақсу қаласының бюджетінде ауылдық округтердің бюджеттеріне нысаналы ағымдағы трансферттер келесі көлемдерде қарастырылғаны ескерілсін:

мектепке дейінгі және орта білім беру мемлекеттік ұйымдарының педагогтарына еңбекақы ұлғайтуға және біліктілік санаты үшін төлемге – 12975 мың теңге;

мәдениет ұйымдарындағы басқарушылық және негізгі персоналдың ерекше еңбек жағдайы үшін лауазымдық жалақысына қосымша төлем белгілеуге – 6167 мың теңге;

білім беру саласындағы ағымдағы және күрделі сипаттағы шығыстарға - 40530 мың теңге.

4-2. 2020 жылға арналған Ақсу қаласының бюджетінде Евгеньевка ауылдық округінің бюджетіне "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараны іске асыруға нысаналы ағымдағы трансферттер 59684 мың теңге көлемінде қарастырылғаны ескерілсін.";

4) көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы, Ақсу қалалық мәслиха
хатшысының міндетін атқарушы*

А. Толымбеков

Ақсу қалалық
мәслихатының
2020 жылғы 26 маусымы
№ 435/63 шешіміне
қосымша

Ақсу қалалық
мәслихатының
2019 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 378/54 шешіміне
1-қосымша

**2020 жылға арналған Ақсу қаласының бюджеті
(өзгерістермен)**

--	--	--

Санаты		Сомасы (мың теңге)
Сыныбы		
	Кіші сыныбы	
		Атауы
1	2 3	4
		1. Кірістер
1		Салықтық түсімдер
	01	Табыс салығы
	1	Корпоративтік табыс салығы
	2	Жеке табыс салығы
	03	Әлеуметтік салық
	1	Әлеуметтік салық
	04	Меншікке салынатын салықтар
	1	Мүлікке салынатын салықтар
	3	Жер салығы
	4	Көлік құралдарына салынатын салық
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар
	2	Акциздер
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар
	5	Ойын бизнесіне салық
	08	Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер
	1	Мемлекеттік баж
2		Салықтық емес түсімдер
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар
	9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер
	04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер

01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	27590
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	27590
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	15500
	1	Жерді сату	12000
	2	Материалдық емес активтерді сату	3500
4		Трансферттердің түсімдері	14361699
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	14361699
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	14361699

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Кіші функция					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
				Атауы	
1	2	3	4	5	6
				2. Шығындар	22095616
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	682250
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	229132
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	23278
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	23218
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	60
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	205854
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	201128
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4726
	2			Қаржылық қызмет	158596
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	158596
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	66081
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	3094
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	13818
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	75603
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	40494
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	40494
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	40494
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	254028
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	231595

		001 Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	64434
		113 Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	167161
	482	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және туризм бөлімі	22433
		001 Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22433
02		Қорғаныс	51068
	1	Әскери мұқтаждар	22780
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	22780
		005 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	22780
	2	Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	28288
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	28288
		006 Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	3980
		007 Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	24308
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	44129
	9	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	44129
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	21040
		021 Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	21040
	499	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі	23089
		001 Жергілікті деңгейде азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22819
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	270
04		Білім беру	7909255
	1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	1363349
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1363349
		009 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	573787
		040 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	789562
	2	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	6007327
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	5659148
		003 Жалпы білім беру	5387462
		006 Балаларға қосымша білім беру	271686
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	338389
		017 Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	338389
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	9790
		024 Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	9790
	9	Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	538579
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	538579

		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	61285
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	73000
		007	Аудандық (қалалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	5000
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі	46700
		022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	450
		023	Әдістемелік жұмыс	17773
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	274153
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	60218
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	1553304
	1		Әлеуметтік қамсыздандыру	369146
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	350345
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	350115
		057	Атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз ету	230
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	18801
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	18801
	2		Әлеуметтік көмек	1055136
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	1036136
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	496489
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	11200
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	15000
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	146626
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	3200
		013	Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу	23887
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	84746
		015	Зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы	82945
		017	Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызметтерін ұсыну	132165
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	39878
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	19000

	068	Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен, тегін жол жүру түрінде азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау	19000
9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	129022
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	129022
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	81055
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	2800
	054	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	45167
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	8557789
	1	Тұрғын үй шаруашылығы	4169159
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	203750
	003	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	12080
	004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	36000
	070	Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеу	155670
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	3937280
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	2869361
	004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	379119
	090	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қызметтік тұрғын үй, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды сатып алу	688800
	479	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй инспекциясы бөлімі	28129
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй қоры саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	28129
2		Коммуналдық шаруашылық	4154987
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	108858
	012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	858
	026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	100000
	048	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	8000
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	4046129
	006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	2578895
	058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	1467234
3		Елді-мекендерді көркейту	233643
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	233643

		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	95000
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	49400
		017	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	4700
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	84543
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	899532
	1		Мәдениет саласындағы қызмет	372908
		455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	370968
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	370968
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	1940
		011	Мәдениет объектілерін дамыту	1940
	2		Спорт	307456
		465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	77780
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22789
		005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	35991
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	12000
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	7000
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	229676
		008	Спорт объектілерін дамыту	229676
	3		Ақпараттық кеңістік	117864
		455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	83814
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	81264
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	2550
		456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	34050
		002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	34050
	9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	101304
		455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	42856
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22277
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	14412
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	6167
		456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	58448
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	33021
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	21427
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3300

		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	700
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	455573
	1		Отын және энергетика	455573
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	441979
		009	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	441979
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	13594
		019	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	13594
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	192007
	1		Ауыл шаруашылығы	130659
		462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	33173
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	33173
		473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	97486
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24780
		006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	500
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	5340
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	55093
		047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	11773
	6		Жер қатынастары	37790
		463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	37790
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	31440
		006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің, кенттердің, ауылдардың шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	6000
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	350
	9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	23558
		453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	23558
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	23558
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	86902
	2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	86902
		467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	51009
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	51009
		468	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	35893

		001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	26436
		003	Аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	9457
12			Көлік және коммуникация	792110
	1		Автомобиль көлігі	721110
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	721110
		022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	7000
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	321000
		051	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	393110
	9		Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	71000
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	71000
		037	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	71000
13			Басқалар	385541
	9		Басқалар	385541
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	145420
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	145420
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	202995
		085	Шағын және моноқалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру	202995
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	37126
		077	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	37126
14			Борышқа қызмет көрсету	265
	1		Борышқа қызмет көрсету	265
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	265
		013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	265
15			Трансферттер	485891
	1		Трансферттер	485891
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	485891
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	16963
		038	Субвенциялар	468923
		054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	5
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	1408513
			Бюджеттік кредиттер	1441302
04			Білім беру	63012
	9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	63012

	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	63012
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	63012
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	454074
3		Елді-мекендерді көркейту	454074
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	454074
	018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	454074
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	277407
1		Мәдениет саласындағы қызмет	23465
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	23465
	011	Мәдениет объектілерін дамыту	23465
2		Спорт	253942
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	253942
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	253942
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	646809
1		Ауыл шаруашылығы	499679
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	499679
	010	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	499679
9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	147130
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	147130
	006	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	147130
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	32789
1		Бюджеттік кредиттерді өтеу	32789
1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	32789
	013	Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	32789
		4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-1455673
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1455673